

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалану және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығына Алматы облысы Талғар ауданында жүргізілген аудиторлық іс-шара бойынша

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

1.Кіріспе бөлік

Аудиторлық іс-шараның атауы:

Жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Жергілікті бюджет қаражатының, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудиттің объектілері:

1. «Талғар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
2. «Талғар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі;
3. «Талғар аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
4. «Талғар ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
5. «Талғар ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
6. «Талғар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі;
7. «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
8. «Талғар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
9. «Талғар ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
10. «Талғар ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
11. «Талғар ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
12. «Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
13. «Талғар ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
14. «Талғар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
15. «Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
16. «Талғар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

17. «Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
18. «Талғар ауданының Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
19. «Талғар ауданының Белбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
20. «Талғар ауданының Бесағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
21. «Талғар ауданының Нұра ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
22. «Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
23. «Талғар ауданының Гүлдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
24. «Талғар ауданының Қайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
25. «Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
26. «Талғар ауданының Алатау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
27. Талғар ауданы әкімдігінің «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№14 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі;
28. «М. Әуезов атындағы №5 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі;
29. «№49 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі;
30. «Алматы облыстық №15 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
31. «Т. Рысқұлов атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар №16 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
32. «Талғар қаласындағы облыстық санаториялық үлгідегі мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі;
33. «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар қаласындағы облыстық жас натуралистер станциясы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі;
34. «Талғар ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлардың сертификаттарының нөмірлерін көрсете отырып):

Топ жетекшісі – бөлім басшысы - мемлекеттік аудитор Қадір Асқар Қадірұлы (№1483), бөлім басшысы - мемлекеттік аудитор Қалқаев Нұрканат Көшербайұлы (№1192), бөлім басшысы - мемлекеттік аудитор Есенаманов Қуаныш Бекмұратұлы (№0194), бас маман - мемлекеттік аудиторлар: Елеуова Ляззат Жеңісқызы (№0892), Шиғамбаева Сәуле Сағындыққызы (№1355),

Сыздықова Шолпан Нұртілеуқызы (№0318), Мусина Динара Жүрсінғалиқызы (№0313), Сәді Айдын Жәнетұлы (№1352), Қазақбеков Ғабит Зәкіржанұлы (1350), Молдашев Қуат Жұмаділұлы (№1274), Елубаева Салтанат Сламғалиқызы (№0303), Нұрлан Нұрғалық (№0316), Абеубакиров Өркен Дүйсембекұлы (№0197), Кеңесжан Бибігүл Кеңесжанқызы (№0307), Ботабеков Мұрат Санақұлы (№0302), Тұрсынбаев Саят Есболғанұлы (№0320), Желдібаев Сырым Сарқанбайұлы (№1349), Бектенова Шынар Аскенқызы (№1163), Нұрханов Жұмахан Мұханұлы (№1351), Исакова Гүлжанат Тәңірбергенқызы (0305), Өтегенов Ермек Қазыбекұлы (0321), Қалдарбекова Гульвира Қуандыққызы (№0306), Төребеков Ғалымжан Еренұлы (№0319), Шағжанов Жасқайрат Іңкарұлы (№1354), жетекші маман - мемлекеттік аудитор ассистенті Нұрғожаев Марс Батырханұлы.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:

2017 жылдың қаңтарынан бастап, 2018 жылдың желтоқсанын қоса алған кезең.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Алматы облысы Талғар ауданына бөлінген бюджет қаражатының атқарылуына талдау жасау:

Мемлекеттік аудитпен қамтылған 2017-2018 жылдар бойынша Талғар ауданына бюджет есебінен жергілікті деңгейде аудан көлеміндегі барлық Аудандық бюджеттік бағдарлама әкімшілері арқылы жергілікті деңгейде мемлекет саясатын іске асыруға 2017 жылы жалпы шығыстары **18 081 687,0 мың теңге** ал 2018 жылы **18 768 320,0 мың теңге** көлемінде орындалған 2017 жылмен салыстырғанда **3,8% артқан**. Жалпы 2017-2018 жылдарға бюджет есебінен ауданның қажетті шығыстарына **36 850 007,0 мың теңге** қарастырылған.

Осы көрсетілген қаражаттың нақты аудитпен қамтылғаны **29 800 449,9 мың теңгені** немесе жалпы ауданның шығыстарына қарастырылған қаражаттың **80,9%** мемлекеттік аудитпен қамтылды.

Мемлекеттік аудит барысында жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың бюджет қаражатын пайдаланғанда жүйелі кемшіліктер анықталмады, бұзушылықтардың барлығы Қазақстан Республикасының Заңнамаларының нормаларын тікелей сақтамағандықтан орын алған, олардың басым бөлігі құрылыс, еңбек ақы, сыйақы, іс-сапар шығындары және бухгалтерлік есеп жүргізу заңнамалары бойынша.

Мемлекеттік аудитте пайдаланылған көрсеткіш МӘНДІЛІК бойынша жалпы мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың көлемінен анықталған бұзушылықтардың көлемі **6,1%** құрағанын ескерсек ауданға жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты жүргізуге бөлінген қаражатты пайдалану кезінде едәуір бұзушылықтарға жол берілген деген тұжырымға келуге болады.

2.2. Алматы облысы Талғар ауданына жүргізілген мемлекеттік аудиттің жиынтық нәтижелері:

Осы мемлекеттік аудитпен барлығы **34** мемлекеттік аудит объектісі қамтылып, жалпы сомасы **29 800 449,9 мың теңге** жергілікті бюджет қаражаты аудитпен қамтылды.

Аудиторлық іс-шара жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражаттың жұмсалуды, осы қаражатты жұмсау кезінде мемлекеттік аудит объектісінің келесі көрсеткіштерге сай қызмет атқаруы, *мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.*

Аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша жалпы сомасы **1 805 494,4 мың теңге** қаржылық бұзушылықтар және **2** рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Анықталған **1 805 494,4 мың теңге** қаржылық бұзушылықтардың **1 399,2 мың теңгесі** бюджет есебіне өндірілуге, **1 804 095,2 мың теңгесі** қалпына келтірілуге жататын сома.

2.2.1. Жергілікті бюджет есебінен Талғар ауданына бөлінген бюджет қаражаттарының аудит көрсеткіштеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнама нормаларының талаптарына сәйкес игерілуі бойынша келесі бұзушылықтар орын алған:

1. «Талғар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысының 9 тармақ 2 тармақшаның талаптары сақталмай жалпы сомасы **21,7 мың теңге** іс-сапар шығындары артық есептеліп төленген.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген қаулысының 12-тармағының талаптары сақталмай, мекеме қызметкерлері іссапардан оралғаннан кейін ақша қаражатының нақты шығыстары туралы аванстық есептерін тиісті мерзімінен кешіктіріп өткізген.

2. «Талғар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша:

2017-2018 жылдардың аяғында бухгалтерлік бас кітапта синтетикалық шоттар бойынша дебиторлық берешектер мен кредиторлық қарыздар бар екендігі анықталды: (2017 жылдың 1 қаңтарына 686303,5 мың теңге көрсетілген, олар «ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға» арналған -508,5 мың теңге, "жеткізушілерге және мердігерлерге- 685795,0 мың теңге. 2017 жылы 169954,4 мың теңге қосылып 856257,9 мың теңге

құраған).

2018 жылы аталған дебиторлық берешектер мен кредиторлық қарыздарға 47876,7 мың теңге қосылып -904134,6 мың теңге бухгалтерлік бас кітапта көрсетілген).

Атап айтқанда: 2018 жылы бойы мекемеге: «ASTEL» АҚ- спутниктік байланыс қызметтеріне- 2827,7 мың теңге; «Қазақтелеком» АҚ- интернет желісін пайдалану және байланыс қызметтеріне 465,3 мың теңге; «Парус KAZ» ЖШС бағдарламаны ұстау жұмысын қамтамасыз ету үшін -352,8 мың теңге; «Доробаев» ЖК, «Танакомпани» ЖШС, «Сота» ЖК және «Кожушко» ЖК автокөліктерге қызмет көрсету үшін -745,7 мың теңге; «Клиника АСЫЛ» ЖШС -қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарына - 257,0 мың теңге; «Глобус-сервис» ЖК -катридж толтыру және компьютерлік техниканы жөндеуге -161,0 мың теңге; «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС тұтынылған электр құаты үшін – 551,0 мың теңге; «Талғар сукұбыры» МКК су пайдалану үшін – 227,5 мың теңге және 40 мердігерлермен жұмысқа қажетті кеңсе тауарлар, негізгі құралдар мен шаруашылық тауарлар және мүгедектерге арналған гигиеналық құралдарға – 42 288,7 мың теңге.

Қызмет көрсеткен жеткізушілердің сомасы жылдың аяғында қортынды айналым проводкасы жасалмай дебиторлық берешек пен кредиторлық қарыз ретінде қалып қалған, нақтысында мекеме бойынша дебиторлық кредиторлық қарыздар жоқ.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесін 2 тарау 18,20,21,22, 27 тармақтардың талаптары сақталмаған.

3. «Талғар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесінің» 114-тармағының талаптарын сақталмай, 2017 жылға 702,9 мың теңге, 2018 жылға 587,0 мың теңге, барлығы 1289,9 мың теңге сомасында дебиторлық берешектер көрсетілмей бұл тарапта 2017-2018 жылдарғы жылдық есептерді қалыптастыру кезінде бухгалтерлік есептерді бұрмалауға әкеліп соққан.

4. «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» №1193 қаулысының 3 тармағының 1), 2) тармақшаларының талаптары және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексінің» 103 бабының 1 тармағының талаптары сақталмай, аудан мектептері қызметкерлеріне жалпы сомасы 152,6 мың теңге еңбекақы артық есептеліп төленген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» №1193 қаулысының 3 тармағының 1), 2) тармақшаларының талаптары және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексінің» 139 бабының 10 тармағы талаптары сақталмай, аудан мектептері қызметкерлеріне жалпы сомасы 359,4 мың теңге сауықтыру жәрдемақысы артық есептеліп төленген.

5. «Талғар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша:

«АлАр LTD» компаниясы ЖШС-мен «Жастар стадионын газдандыруға жобалау-сметалық құжаттама» әзірлеу жобасы бойынша іздестіру жұмыстарына 2018 жылдың 25 қыркүйегінде сомасы 748,0 мың теңгеге №28 келісім шарты жасалған, аталған келісім шартқа 29.10.2018 жылы №1 қосымша келісім жасалынып сомасы 200,0 мың теңгеге ұлғайтылып жалпы сомасы 948,0 мың теңгені құраған. Қосымша келісім шарттың орындалу мерзімі 2018 жылдың қараша болып айқындалған. Мердігер жұмысты 2018 жылдың 12 желтоқсанында электрондық актісіне сәйкес орындап берген, яғни қажетті мерзімнен 12 күнге кешіктіріп орындаған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 43 бабының 24 тармағы және №28 келісім-шартың 8.3 тармағының талаптарына қайшы тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстамаған (өндіріп алмаған).

Келісім-шарт бойынша жалпы тұрақсыздық айыппұлдың көлемі 2,4 мың теңгені ($200,0 \text{ мың теңге} * 0,1\% * 12 \text{ күн}$) құрайды.

6. «Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Сатып алынған жанар-жағармайдың қалдығын түгендеу барысында жалпы құны 142,7 мың теңге құрайтын 793 литр АИ-92 маркалы бензині жетпейтіні анықталған.

7. «Талғар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесінің» 116-тармағы бұзылып, жалпы сомасы 1108,5 мың теңге кредиторлық берешек тиісті бухгалтерлік есепте көрсетілмеген, бұл 2018 жылғы қаржылық есептің бұрмалануына әкеліп соққан.

8. «Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127

«Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысының 4 тармағының талаптары сақталмай мекеме қызметкерлеріне жалпы сомасы 97,4 мың теңге сыйақылар артық есептеліп төленген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесінің» 9 бөлімінің 272 тармағы талаптарына қайшы 2018 жылы құрылысы аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілерінің қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада, яғни мекеменің ғимаратына күрделі жөндеу мақсатында жұмсалған сметалық құны 39 869,3 мың теңге шығындары есепке алынбай тиісті 2018 жылғы бухгалтерлік есептің бұрмалануы орын алған.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 60-бабының 1-тармағын сақтамау нәтижесінде жобалау-сметалық құжаттамада көзделген уақытша ғимараттар мен құрылыстардан 69,3 мың теңге сомасында қаражатты қайтару қамтамасыз етілмеген.

9. «Талғар ауданының Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесінің 114 тармағының талаптары сақталмай жалпы сомасы 172,6 мың теңге дебиторлық берешек бухгалтерлік есепте көрсетілмей, бухгалтерлік есептің бұрмалануына әкеп соққан.

10. «Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

2014 жылғы 28 қарашадағы № 257-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Салық кодексінің 67,160,161,158 баптары бұзылып, 2018 жылдың қаңтар айында 38,3 мың теңге, ақпан айында 35,2 мың теңге, наурыз айында 53,1 мың теңге, жалпы сомасы 126,7 мың теңге әлеуметтік салығы кем есептелініп салық декларациясында көрсетілмеген. Сонымен қатар 2018 жылдың қаңтар айында 33,5 мың теңге, ақпан айында 31,1 мың теңге, наурыз айында 57,6 мың теңге, жалпы сомасы 122,2 мың теңге табыс салығы кем есептелініп салық декларациясында көрсетілмең кем есептеліп төленген.

11. «Талғар ауданының Қайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

2017-2018 жылдардың қаржылық есептілігін жасау барысында есеп айырысу актісі басшылыққа алынбай 2017 жылы 25,5 мың теңге, 2018 жылы

90,1 мың теңгенің дебиторлық қарызы бойынша өткен жылдардың қарызы ретінде бухгалтерлік баланстың 014 жолында жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетілмегені анықталды. Бухгалтерлік есепте көрсетілуге жататын деректерді көрсетпей, бухгалтерлік есепті әдістерін бұза отырып жүргізу, 2017-2018 жылдардағы қаржылық есептілікті бұрмалау жағдайына әкеп соққан. Бұл өз кезегінде ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесінің 114,118 тармақтарының талаптарының бұзылуына әкелген.

12. «Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 тамыз «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» №1127 қаулысының 9 тармағының талаптары сақталмай, жалпы сомасы 62,1 мың теңге үстемеақы артық есептеліп төленген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының және ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесінің 114 - 118-тармақтарының талаптары сақталмай 2017-2018 жылдардың қаржылық есептілігін жасау барысында есеп айырысу актісі басшылыққа алынбай 2017 жылы 548,4 мың теңге, 2018 жылы 475,4 мың теңгенің дебиторлық қарызы бойынша өткен жылдардың қарызы ретінде бухгалтерлік баланстың 014 жолында жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетілмегені анықталды. Бухгалтерлік есепте көрсетілуге жататын деректерді көрсетпей, бухгалтерлік есепті әдістерін бұза отырып жүргізу, 2017-2018 жылдардағы қаржылық есептілікті бұрмалау жағдайына әкеп соққан.

13. «Талғар ауданының Алатау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының және ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесінің 114 - 118-тармақтарының талаптары сақталмай 2017-2018 жылдардың қаржылық есептілігін жасау барысында есеп айырысу актісі басшылыққа алынбай 2017 жылы 42,0 мың теңге, 2018 жылы 10,0 мың теңгенің дебиторлық қарызы бойынша өткен жылдардың қарызы ретінде бухгалтерлік баланстың 014 жолында жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек ретінде көрсетілмегені және 2018 жылы 71,0 мың теңге

кұрайтын кредиторлық қарызы бухгалтерлік баланстың 215 жолында жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша кредиторлық қарыз ретінде көрсетілмегені анықталды. Бухгалтерлік есепте көрсетілуге жататын деректерді көрсетпей, бухгалтерлік есепті әдістерін бұза отырып жүргізу, 2017-2018 жылдардағы қаржылық есептілікті бұрмалау жағдайына әкеп соққан.

14. «№49 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы талаптары бұзылып, өткізілген оқу сағаттары туралы растаудың болмауы нәтижесінде 47,4 мың теңге жалақы артық есептеліп төленген.

15. «Талғар қаласындағы облыстық санаториялық үлгідегі мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына 4-қосымшасы, 4 тармағының талаптары сақталмай 84,9 мың теңге артық есептеліп төленген.

16. «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар қаласындағы облыстық жас натуралистер станциясы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 2 және 3 тармақтарының талаптары сақталмай 110,7 мың теңге жәрдемақы мекеменің қосымша білім беру педагогтарына артық есептеліп төленген.

Келесі мемлекеттік мекемелерде бұзушылықтар анықталмады:

1. «Талғар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі;
2. «Талғар аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
3. «Талғар ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
4. «Талғар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
5. «Талғар ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
6. «Талғар ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
7. «Талғар ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
8. «Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
9. «Талғар ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» коммуналдық

мемлекеттік мекемесі;

10. «Талғар ауданының Белбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

11. «Талғар ауданының Бесағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

12. «Талғар ауданының Нұра ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

13. «Талғар ауданының Гүлдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

14. Талғар ауданы әкімдігінің «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№14 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

15. «М. Әуезов атындағы №5 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

16. «Алматы облыстық №15 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17. «Т. Рысқұлов атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар №16 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18. «Талғар ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

III. Жиынтық бөлік

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Мемлекеттік аудит барысында Жалпы анықталған **1399,2 мың теңге** бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған бұзушылықтар мен қаржылық бұзушылықтардың мемлекеттік аудит барысында **1039,1 мың теңгесі** жергілікті бюджет есебіне өндірілді,

соның ішінде:

- «Талғар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша артық есептеліп төленген іс-сапар шығындары 21,7 мың теңге;

- «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 462,8 мың теңге;

- «№49 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша 47,4 мың теңге;

- «Талғар қаласындағы облыстық санаториялық үлгідегі мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі бойынша 84,9 мың теңге;

- «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар қаласындағы облыстық жас натуралистер станциясы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша 110,7 мың теңге;

- «Талғар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша 2,4 мың теңге;

- «Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 142,7 мың теңге;

- «Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 166,5 мың теңге.

3.1.2. Бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғалар келесі

бұйрықтар мен өкімдердің негізінде тәртіптік жауапкершілікке тартылған:

- «Талғар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасына аппарат басшысының 2019 жылдың 18 қазанындағы №10-133-б бұйрығы негізінде ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

- «№49 жалпы білім беретін орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің бұзушылыққа жол берген 4 жауапты тұлғаға мектеп директорының 2019 жылғы 25 қазандағы №183-Ө бұйрығына сәйкес ескертулер берілген.

- «Талғар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талғар ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасына мектеп директорының 2019 жылғы 24 қазандағы №255 бұйрығына сәйкес ескерту берілген.

- «Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасына 2019 жылғы 21 қазандағы бөлім басшысының №25ж/қ бұйрығына сәйкес ескерту түріндегі тәртіптік жауапкершілік қолданылған.

- «Талғар қаласындағы облыстық жас натуралистер станциясы» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасына станция директорының 2019 жылғы 18 қазандағы №7-к бұйрығына сәйкес қатаң сөгіс берілген.

- «Талғар қаласындағы облыстық санаториялық үлгідегі мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасы мектеп-интернат директорының 2019 жылғы 24 қазандағы №90 бұйрығына сәйкес ескерту берілген.

- «Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасына округ әкімінің 2019 жылғы 18 қазандағы №39 өкіміне сәйкес сөгіс берілген.

- «Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғасына округ әкімінің 2019 жылғы 24 қазандағы №22-ө ж/қ өкіміне сәйкес ескерту берілген.

3.1.3. Уәкілетті органға әкімшілік шара қолдануға материалдарды жолдау:

2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің» тиісті баптарымен әкімшілік шара қолдану мақсатында келесі 8 мекеме бойынша материалдар «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Алматы облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» мемлекеттік мекемесіне жолданды:

1. «Талғар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;
2. «Талғар ауданының Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің аппараты»

мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;

3. «Талғар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;

4. «Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;

5. «Талғар ауданының Қайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;

6. «Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;

7. «Талғар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша - 1 материал;

8. «Талғар ауданының Алатау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша – 1 материал;

Жолданған материалдар бойынша елесі әкімшілік шаралар қолданылды:

«Талғар ауданының Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

«Талғар ауданының Қайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

«Талғар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

«Талғар ауданының Алатау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

«Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

«Талғар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

салынды.

«Талғар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

«Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты тұлғасына жауапты тұлғасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағындағы көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілігі қаралып 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығы бойынша сәйкестік аудитімен Талғар ауданында **34 мемлекеттік мекемелер** бойынша **29 800 449,9 мың теңге** қаражат қамтылып, **16 мемлекеттік мекемелерде** жалпы сомасы **1805494,4 мың теңге** көлемінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, бюджет және өзге де заңнама талаптарының бұзушылықтарына жол берілгені анықталды, оның ішінде: бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған бұзушылықтар – **248,8 мың теңге**, қаржылық бұзушылықтар – **1150,4 мың теңге**, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары – **1 804 095,2 мың теңге**.

Жалпы анықталған **1 805 494,4 мың теңге** бұзушылықтардың **1 399,2 мың теңгесі** бюджетке өтелуге жатады, оның мемлекеттік аудит барысында **1039,1 мың теңгесі** жергілікті бюджет есебіне өндірілді, қалпына келтіруге жататыны **1 804 095,2 мың теңге**, оның мемлекеттік аудит барысында **3 833,4 мың теңгесі** қалпына келтірілді.

Осылармен қатар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны - **2 бірлікті** құрады.

Жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражатты игеруге қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол толық жеткізілмеген және жекелеген мекемелер бойынша барынша пайдалы нәтиже алу көрсеткіштері толық орындалмаған. Анықталған қаржылық және рәсімдік бұзушылықтары қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнамалардың талаптары бұзылғаннан орын алған.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:

1. Мемлекеттік аудит іс-шараның қорытындысы Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.
2. Мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Қазақстан

Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқамалары ұсынылсын.

3. Талғар ауданының әкімі:

- «Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 248,8 мың теңге, «Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 62,1 мың теңге, «Талғар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 49,2 мың теңге, барлығы **360,1 мың теңге** жергілікті бюджет есебіне өндірілуі қамтамасыз етілсін.

- «Талғар ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 760 392,5 мың теңге, «Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 39 869,3 мың теңге, барлығы **1 800 261,8 мың теңгеге** есептілік бойынша қалпына келтірілуі қамтамасыз етілсін.

- «Талғар ауданының білім бөлімі», «Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелерінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, бюджет және өзге де заңнама талаптарының бұзушылықтарына жол берген мекеме басшыларымен лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

- Аудан бойынша бухгалтерлік есеп жасау кезінде 8 мекеме бойынша қаржылық есептілікті бұрмалану фактілері орын алғанын ескеріп өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген міндеттерін атқармағаны немесе тиісінше атқармағаны үшін Талғар ауданы әкімінің қаржы саласына жауап беретін орынбасарының және «Талғар ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын.

Жоғары көрсетілген ұсыныстардың орындалуы туралы ақпаратты Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясына 2020 жылдың 08 қаңтарына дейін ұсынылсын.

Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі (24 парақ).

Комиссия мүшесі

Б.Мұхамеджанов